# Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған іс-шаралар ("жол картасы") жоспары туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 17 Өкімі.; Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 11 өкімімен күшін жойды

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған іс-шаралар ("жол картасы") жоспары (бұдан әрі – жоспар) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) К.А.Минасян жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру мониторингін қамтамасыз етсін.

4. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Армения Республикасынан** | **Беларусь Республикасынан** | **Қазақстан Республикасынан** | **Қырғыз Республикасынан** | **Ресей Федерациясынан** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК